

Өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 2026 жылғы 23 маусымдағы № 299-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 маусымда № 39117 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабының 5-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Мәдениет және ақпарат
министрі
2026 жылғы 23 маусымдағы
№ 299-НҚ бұйрыққа
қосымша

Өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 102-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану тәртібін айқындайды.

2-тарау. Өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру қағидалары

2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес мәдениет саласындағы орта білім беру мемлекеттік мекемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсынады.

3. Мәдениет саласындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес

жеке және заңды тұлғаларға шарттық негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырады.

4. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 3-тармағына, "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 33-2) тармақшасына сәйкес Мәдениет саласындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мемлекеттік мекемелері жүзеге асыратын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлеріне мыналар жатады:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру;

10) ғылыми зерттеулерді жүргізу;

11) өнер мамандықтары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау;

12) концерттік залдарды мүліктік жалдауға (жалға) беру.

5. Мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемелері тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерінің тізбесі көрсетілген ақпаратты мен мемлекеттік мекемелер өткізетін тауарларға (

жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) баға прејскуранты мемлекеттік мекемелер ғимараттарының ақпараттық стендінде, сондай-ақ ресми интернет-ресурсінде орналастырады.

6. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлері "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) және "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

7. Білім алушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері кәмелет жасқа толған білім алушының және (немесе) тәрбиеленушінің және ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің еркін нысандағы өтініштерінің негізінде жеке кесте бойынша ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес ақылы қызмет түрлерін ұсыну туралы өтініш егер Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларында өзгеше көзделмесе мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемесіне келіп түскен күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

8. Ақылы негізде қызмет көрсететін мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемесі мен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шартпен реттеледі.

9. Мәдениет саласындағы мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсеткені үшін қолма-қол ақша алу кассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылау-кассалық машиналарды қолдана отырып жүргізіледі.

3-тарау. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану тәртібі

10. Мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақша мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемесінің

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарларына сәйкес пайдаланылады.

Мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін, өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығымен бекітілген бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдеріне, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдеріне сәйкес жасалады.

11. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түсетін ақша мынадай бағыттар бойынша жұмсалады:

- 1) білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасын нығайту;
- 2) оқу жабдықтары, мүкәммалдарды (оның ішінде жұмсақ) және киім-кешекті, оның ішінде оқу тәжірибе учаскесінде жұмыс істеу үшін сатып алу;
- 3) білім алушылардың тамақтануын жақсарту, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсету жөніндегі шығыстарын жабу;
- 4) оқу-өндірістік шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарды кеңейту;
- 5) білім алушыларды көтермелеу және білім алушылардың жекелеген әлеуметтік жағынан қорғалмаған бөлігіне материалдық көмек көрсету;
- 6) күні ұзақ болатын орта білім беру ұйымдарында және орта білім беру ұйымдарында күн ұзақ болатын топтардағы білім алушыларды тамақтандыру;
- 7) асханаларды ұстау (жалақы, тамақ өнімдерін сатып алу, жабдықтар мен мүкәммал сатып алу, күрделі жөндеу және басқа шығыстар);
- 8) орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының орындаған жұмыстарына ақы төлеу;
- 9) экскурсиялар мен сыныптан тыс кештерді өткізу;
- 10) орта білім беру ұйымдарын, оқу корпусдары мен жатақханаларды ағымдағы жөндеу;
- 11) мектеп жанындағы учаскені дамыту және мектеп шеберханаларының жабдықтарын жаңарту;
- 12) спорт алаңдарын салу;
- 13) қоғамдық-пайдалы еңбекте көзге түскен білім алушыларға стипендиялар мен сыйлықақылар беру;
- 14) сауықтыру іс-шаралары;
- 15) жарысқа қатысушыларды тамақтандыру, төрешілердің (судьялардың) және медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жабу;
- 16) қосымша оқу бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру;
- 17) үйірмелер мен секциялар жетекшілерінің еңбегіне ақы төлеу;
- 18) үйірмелерді және секцияларды ұйымдастыруға байланысты іс-шаралар;

19) ақылы білім беру қызметтерін көрсететін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу;
20) ынталандыру сипатындағы қосымша ақы, үстемақы, сыйлықақы және басқа да төлемдер белгілеу;

21) көлік құралдарын сатып алу;

22) жылу, электр энергиясы, сумен жабдықтау үшін ақы төлеуге арналған шығыстар және басқа да коммуналдық шығыстар, ағымдағы және шаруашылық мақсаттар үшін заттар мен материалдарды сатып алу, ғимаратқа қызмет көрсету бойынша ақы төлеу, көліктік қызметтерге ақы төлеу және ағымдағы мақсаттар үшін тауарларды сатып алу;

23) ғимараттар мен үй-жайларды реконструкциялау және күрделі жөндеу;

24) демалыс лагерлері тәрбиешілерінің және көмекші персоналдың еңбегіне ақы төлеу;

25) музыкалық аспаптарды жөндеу;

26) оқу жабдықтарының, көлік құралдарының және басқа механизмдердің қозғалтқыштарын пайдалануға және жөндеуге байланысты шығыстар;

27) оқу-көмекші, қосалқы шаруашылықтардың және оқу-тәжірибе учаскелерінің өндірістік қызметіне байланысты, оның ішінде осы қызметпен айналысатын жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығындар;

28) іссапар шығыстары;

29) білім беру ұйымдарын аккредиттеуден өткізу.

12. Ғылыми зерттеулерді жүргізуде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түскен ақша мынадай бағыттарда жұмсалады:

1) барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді қоса алғанда, ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысушы зерттеу тобы мүшелерінің еңбегіне сыйақы;

2) ұжымдық пайдаланылатын ғылыми зертханалар, өзге зертханалар, өзге де ұйымдар көрсететін зерттеулерді орындауға қажетті қызметтер, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары;

3) талдама материалдарды жариялау, патенттеу және сатып алу, сондай-ақ жобаны сүйемелдеу бойынша өзге қызметтер үшін шығыстар;

4) ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру шеңберінде ғылыми зерттеулерді орындаған ғылыми жұмыскерлерге ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы үшін қосымша ақы төлеу;

5) мәдениет саласындағы білім беру мемлекеттік мекеменің алқалы басқару органының шешіміне сәйкес жетекші ғалымдардың орташа жалақысы сақтала отырып, бір жылға дейінгі мерзімге шығармашылық демалысына ақы төлеу;

6) имидждік іс-шаралар өткізуге (брошюралар, бейнероликтер дайындау) арналған қызметтерге ақы төлеу;

7) зерттеулерді (оның ішінде социологиялық, талдамалық және ғылыми зерттеулер) төлеуге арналған шығындар;

8) ғалымдарды магистратураға, докторантураға, тағылымдамаларға және ғылыми іссапарларға жіберу арқылы ғылыми кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру;

9) ақылы қызметтер көрсету үшін тартылатын мамандардың еңбегіне ақы төлеу;

10) ынталандыру сипатындағы қосымша ақы, үстемақы, сыйлықақы және төлемдер белгілеу;

11) қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге арналған шығыстарды өтеу;

12) ғылыми зерттеулерді орындауға арналған шығыс материалдарын сатып алу;

13) жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды сатып алу;

14) материалдық-техникалық базаны нығайту;

15) үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алу;

16) шарт негізінде қызметтер көрсету үшін заңды тұлғаларды тарту;

17) ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканың пайдалану шығыстары;

18) іс-шараларды (ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар, семинарлар, дөңгелек үстелдер) ұйымдастыру және өткізу;

19) естелік кәдесый және типографиялық өнімдерді сатып алу.